

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



Колледж тынысы

№2 3 қараша 2016жыл бейсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

"Әкем, анам және мен" отбасылық эстафета

10.09.2016 ж. Жамбыл медициналық колледжінің 80 жылдығы, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы аясында "Отбасы күніне" арналған дене тәрбиесін және салауатты өмір салтын ата-аналар мен студенттер арасында қалыптастыру бағыты бойынша "Әкем, анам және мен" атты отбасылық эстафеталық жарыс өткізілді.



Жарысты дене шынықтыру пәнінің оқытушылары Ә.М.Ниязқұлов, Б.А.Нұрғабылов ұйымдастырды. Бұл жарыс жас ұрпақтың спортқа деген қызушылығын арттыра түсті.

Мультиспорттық жаттығулар

2017 жылдың 29 қаңтары мен ақпан аралығында Алматы қаласында өтетін 28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиада ҚР ұлттық жобасы еліміздің 25 жылдық тарихындағы ең ірі мультиспорттық іс шара аясында арнап, колледждің дене шынықтыру пәнінің оқытушылары таңғы жаттығулар ұйымдастырды.



Мен және менің полицейім

05.10.16 жылы ҚІІБ ЖПҚ КТІЖ аға инспектор, полиция майоры Д.У. Маханов пен №1 мобилді топ мүшесі ҚІІБ ЖПҚ полиция майоры Б.А. Альмухамедов колледж студенттерімен кездесіп «Қоғамдық өкілеттердегі қалта, ұялы телефон ұрлығы» тақырыбында дәріс оқыды. 08.10.16 жылы «Болашақ» ҚБ маманы Г.З. Калиева колледж студенттерімен кездесіп, «Адам саудасынан сақтан!» тақырыбында ой бөлісті.



24.10.16 жылы №1 мобилді топ мүшелері ТҚІБ ЖПҚ полиция майорлары Д.У. Маханов пен Б.А. Альмухамедов колледж әкімшілігімен бірге, көмекке толмаған жасөспірімдердің колледж қабырғасына өткір, үшкір, психотропты, жарылғыш заттарға тыйым салу мақсатында алдын алу шаралары бойынша рейд жүргізді.



25.10.16 жылы №1 мобилді топ мүшелері ТҚІБ ЖПҚ полиция майорлары Д.У. Маханов пен Б.А. Альмухамедов колледж студенттерімен кездесіп заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы дәріс оқыды.

"Розовый месяц борьбы с раком молочной железы"

22.10.2016 ж. Тұңғыш Президенті саябағында "Розовый месяц борьбы с раком молочной железы" атты кең ауқымды акция өтті. Аталған акция жыл сайын қазан айы бойы бүкіл әлемде өткізіледі. Кеуде катерлі ісігіне қарсы күресу акциясын Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының міндетін атқарушы М.Жұманқұлов сөзімен ашты. Жамбыл медициналық колледжінің студенттері осы акция шеңберінде өткен жүгіру марафонында жүлделі I орынды иеленіп, кубокпен марапатталды.



Қоғам және мен

10.10.16 жылы «Дін және зайырлылық» тақырыбында Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу» орталығының маманы А.К. Сембекова мен Г.Сарыбай колледж студенттерімен кездесіп, дәріс оқыды.



18.10.16 жылы «Діндегі радикалды бағыттар және олардың қаупі» тақырыбында Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты

мәселелері басқармасының ЖРО КММ-нің қызметкерлері З.А. Имашев пен А.Б. Бекова колледж студенттерімен ой бөлісті.

«Мектепке жол» акциясы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен және Қ.Р. Білім және ғылым министрінің бастамасымен, 2016 жылдың 1-30 тамыз аралығында «Мектепке жол» акциясын жүргізу көзделген болатын. Акцияның мақсаты: әлеуметтік аз қамтамасыз етілген, көп балалы жанұя балалары мен жетім, мүгедек балаларға қамқорлық жасап, олардың



мектепке баруына материалдық көмек көрсету болып табылады. Аталған акцияға Жамбыл медициналық колледжі де ат салысып, колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова №25 орта мектебінің 4 «а» сынып оқушысы Бақберген Б. өз есебінен 10 000 теңге қаржылай көмек көрсетті. Ал студенттер кәсіподақ ұйымының мүшелері де осы бастаманы қолдай отырып, 3 «ә» сынып оқушысы Ш.Қаршығаға да 10 000 теңге бөліп, игі іс жасады.

Қыз өссе, елдің көркі

18.10.2016 ж. Колледж психологтары, Өскенбаева А.Н., Мұхамедиева Н.Е. «Жастар» жастар денсаулық орталығының психологтарының қатысуымен «Қыздардың бой жетуі» тақырыбында, «Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» қағидасымен, қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық құндылықтарға негізделген, отбасы мәртебесін нығайту мақсатында тренинг өткізді.

Тәуелсіз елім- ұлы өлкем, сүйікті қалам!

14.10.2016 ж. Орталық стадионда «Тәуелсіз – елім, ұлы өлкем, сүйікті қалам» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Ол «Көне Тараз-тарихымның тереңі», «Менің сүйікті қалам», «Ән-жырым саған, Туған ел!», «Гүлдене бер, туған жерім Қазақстан!» атты 4 композициядан тұрды. Жамбыл медициналық колледжінің 450 студенттері көрермен болып, ал 50 студенті «Көне Тараз-тарихымның тереңі» композициясында Талас өзенінің бейнесін сомдады.




Құттықтаймыз!

19.10.2016 ж. "Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерін аккредитациядан өткізу тәртібі" атты семинарына колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова қатысып "Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі" "Қазақстанның ең үздік медициналық колледждерінің ұлттық рейтингі - 2016" сараптауы бойынша Жамбыл медициналық колледжі VII орынды ұтып алып, сертификатқа ие болды.



Кәсіподақ ұйымының есеп беру – сайлау жиналысы

12.10.2016 ж. Кәсіподақ есеп беру – сайлау жиналысында бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Ф.Қ. Жапарқұлова «Бастауыш кәсіподақ ұйымының 2014 ж. мамыр айынан 2016 ж. қазан айы аралығындағы жұмысы туралы есеп» баяндамасын оқыды. Жиналысқа облыстық денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы – С.Р. Касенова, денсаулық сақтау қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ ұйымының жетекші маманы Т.Т.Арғынбекова қатысты. Сонымен қатар, кәсіподақ мүшелерін, тексеру комиссиясын, санақ комиссиясын ашық түрде дауыс беру арқылы сайлады. 7 делегат шығып сөз алды. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Ф.Қ.Жапарқұлованың атқарған жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелді.



Бүгінгі нөмерде:

- "Тәуелсіз елім- ұлы өлкем, сүйікті қалам!" қала күні мерекесі
- Құттықтаймыз!
- Кәсіподақ ұйымының есеп беру – сайлау жиналысы
- Колледждегі ашық тәрбие іс-шаралар
- Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында қазан айында өткізілген іс-шаралар
- Студенттер кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау конференциясы
- "По страницам Бахчисарайского фонтана. Пушкинский сюжет в искусстве" атты қалалық байқау
- «Атасы асыл сөздің - ақын Абай» атты X облыстық Абай оқулары байқауы
- "Қазақстанның Тәуелсіздігі - "Мәңгілік елдің" ұлы тарихы" Шабыт байқауы
- «Тәуелсіздік туын ұстар жоғары, бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі» тақырыбында пікір сайыс
- "Розовый месяц борьбы с раком молочной железы" акциясы
- Тренинг: "Қыз өссе, елдің көркі"
- «Мектепке жол» акциясы
- «Мәңгілік Ел» дөңгелек үстел
- "Әкем, анам және мен" отбасылық эстафета
- Мультиспорттық жаттығулар
- Симуляция орталығының жұмысы
- Дәрістер: "Мен және менің полицейім", "Қоғам және мен"

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



Тәуелсіздікке 25 жыл!

«Отбасы - тәрбие бастауы»

«Мәңгілік Ел»



19.10.2016 ж. Отбасы құндылығы және оның қадір-қасиеті, тәрбиедегі атананың алатын ерекше орны, атананың алдында баланың жауапкершілігі туралы маңызды ұғымдарды насихаттау мақсатымен "Отбасы - тәрбие бастауы" тақырыбында бөлімшілік ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты жақсы деңгейде өтіп, мақсатына жетті. Ашық тәрбие сағатын "Емдеу ісі" бөлімшесінің 227 топ студенттерімен Л.К.Мейрманова ашық сабақ өткізді.

21.10.2016 ж. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Мәңгілік Ел» атты дөңгелек үстел Шалданбаева С.Б. –тарих пәнінің оқытушысы, Жанұзақ Е.-420 топ студенті, студенттік кеңес ұйымының төрағасы баяндама оқып, колледждің белсенді студенттері ән айтып белсене қатысты.



«Жеңіл атлетика»

«Біз тәуелсіз елдің болашағымыз»

19.10.2016 ж. Студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, денені сауықтыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Ә.М.Ниязқұлов "Мейіргер ісі" бөлімінің 109 топ студенттерімен "Жеңіл атлетика. Екпін алып ұзындыққа секіру әдісін үйрету" тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқытушы алдына қойған мақсаттарына жетті, студенттерді шыдамдылыққа және жылдамдық, ептілік, икемділік күшін арттыруға баули білді.



31.10.2016 ж. Тәуелсіздіктің 25 жылдығын насихаттау мақсатында "Біз тәуелсіз елдің болашағымыз" тақырыбында 210 топ "Медбикелік ісі" студенттерімен Э.С.Шайшаева ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты жақсы деңгейде өтіп, мақсатына жетті.

«Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік!»

31.10.2016 ж. Кітапхана қызметкері А.А.Сапарбаева және Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаева, кітапхана ұжымы ұйымдастыруымен, белсенді студенттердің қатысуымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік!» атты оқырмандар конференциясы өткізілді.



"По страницам Бахчисарайского фонтана. Пушкинский сюжет в искусстве"

«Атасы асыл сөздің - ақын Абай» атты X облыстық Абай оқулары байқауы



19.10.2016 ж. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі А.С.Пушкиннің шығармашылығына арналған "По страницам Бахчисарайского фонтана. Пушкинский сюжет в искусстве" тақырыбында әдеби-әуенді кеш өткізді. Аталған кештің мәнерлеп оқу номинациясы бойынша "Медбикелік ісі" бөлімінің 208 топ студенті Әбдімүтәліп М.К. жүлделі II орынды иеленіп, алғыс хатпен марапатталды.

21.10.2016ж. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінде «Атасы асыл сөздің - ақын Абай» тақырыбында өткізілген байқауына 109 топ студенті Шымырбек Н.қатысып II орынды иеленіп, дипломмен және жетекшісі Мәдімарова А.Т. алғыс хатпен марапатталды. Д.М.Жүнісованың жетекшілігімен қалалық мәдениет үйінде "Тіл парасат" байқауына 323 топ студенті Колупева О.«Мақсұтым-тіл ұстартып, өнер шашпақ» тақырыбында өткен Абай оқулары байқауына Б.Л.Абденкулованың жетекшілігімен 223 топ студенті Керимова А. қатысты.Аталған студенттер алғыс хаттармен марапатталды.



Қазақстанның Тәуелсіздігі- «Мәңгілік елдің» ұлы тарихы

20.10.2016 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Қазақстанның Тәуелсіздігі - «Мәңгілік елдің» ұлы тарихы» тақырыбында 1, 2 курс студенттері арасында колледжілік «Шабыт» байқауы өткізілді. Байқаудың «Мәнерлеп оқу», «Вокал», «Хореография», «Ұлттық аспапта ойнау» номинациялары бойынша студенттер жүлделі орындарға ие болып, алғыс хаттармен марапатталды.

«Тәуелсіздік туын ұстар жоғары, бүгінгі ұрпақ болар елдің ертені»

23.10.2016ж Жамбыл медициналық колледжінің Б корпусында «Жас алаш» пікірсайыс клубы мен колледждің белсенді студенттері және «Жас Алаш» пікірсайыс клубының жетекшісі Айдабосынова Ж.Н. және Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Уркимбаева Д.Б. және жастар ұйымдарының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Тәуелсіздік туын ұстар жоғары, бүгінгі ұрпақ болар елдің ертені» тақырыбында III дәстүрлі «Жамбыл медициналық колледжі директорының кубогі» өтті. Пікірсайысқа шақырылған 11 оқу орнынан студенттер қатысты. Пікірсайыс қонақтары Тараз қалалық маслихатының депутаты С.Берікқожа, «Сана» оқыту орталығының директоры Б.Қосалиев ЖМК ұжымына алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді.



Симуляция орталығының жұмысы

Жамбыл медициналық колледжінің Б корпусында "Емдеу ісі" бөлімінің IV курс студенттері Симуляция орталығында тәжірибелік дағдыларды тапсыру жұмысын 10 қазаннан бастады. Студенттер келесі станцияларда машықтанады. Жүректің кенеттен тоқтауында көмек көрсету: жүрек-өкпе реанимациясы/оказание неотложной помощи при остановке сердца, жаракаттарда жедел көмек көрсету/оказание неотложной помощи при травмах, парентеральды инъекциялардың техникасы /техника парентеральных инъекций, жаракатты алғашқы өндеуді жүргізу және таңғыш салу/ проведение первичной обработки раны и накладывание повязки.



Студенттер кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау конференциясы

4.10.2016 ж. Студенттер кәсіподақ ұйымының есеп беру және сайлау конференциясы өтті. Ашық түрде, дауыс беру арқылы Н.Р.Абдрахманова қайта сайланып, ал Б.А.Қырықбаева міндетін атқарушы болып тағайындалды. Конференцияға - «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының жетекші маманы - Т.Т.Арғынбекова студенттерге кәсіподақ стипендиясының сертификатын ұсынды.

Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында қазан айында өткізілген іс-шаралар



17.10.2016.-29.10.2016 жылы бюджет негізде «Мейіркөме ісі», «Емдеу ісі» мамандықтары бойынша «Ер адамдардың денсаулығын қорғау. Емханадағы ерлерді қарау кабинеті мейіркөмесінің (мейіргер) жұмысы», «Созылмалы инфекциялық емес және әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын-алу МСАК мейіркөме рөлі», «Шұғыл жедел жәрдем фельдшерінің жұмысы» атты циклдар өткізілді.

03.10.2016.-15.10.2016 жылы ақылы негізде «Мейіркөме ісі», «Емдеу ісі» мамандықтары бойынша «Білім беру жүйесі мейіркөмесінің жұмысы», «Акушерия және гинекологиядағы шұғыл жағдайлар», «Педиатрияда көрсетілетін дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек», «Дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек көрсетудің жалпы мейіркөмелік технологиялары» атты циклдар өткізілді.



Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе отырып Жамбыл медициналық колледжінің «Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығы облыстағы орта медицина қызметкерлерін оқыту кестесін ұйымдастырды. Колледждің әкімшілік – оқытушылар құрамынан тренерлер дайындалды.«Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту жұмысы жөніндегі директордың орынбасары М.И.Тлеубаева мен «Аймақтық симуляциялық орталықтың» бөлім менеджерушісі Ф.Д.Тұрмысова ағымдағы жылдың 29-қыркүйегінде Астана қаласында өткізілген МӘМС енгізу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізу шеңберінде ұйымдастырылған медициналық ЖОО және колледждер оқытушы тренерлеріне арналған семинарға қатысты.

